

Аудандық Мәслихат сессиясының төрайымы			Аудандық Мәслихат хатшысы		
Меркі	аудандық	мәслихатының	кезектен	тыс	
2003	жылдың	4	маусымы	күні	№ 24-4
"Азаматтардың		жекелеген	санаттарына		
заңға	сәйкес	тұрғын	үйді	ұстауға	және
коммуналдық		қызметтерді	төлеу	үшін	
тұрғын-үй		жәрдемақысын	беру	қағидаларын	
бекіту туралы шешімімен бекітілген					

3) жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтың анықтамасы;

4) отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтамалары (тұрғын үй жәрдемақысы және атаулы әлеуметтік көмектен басқасы);

5) үйді немесе пәтерді жалға алушылар уәкілетті органда тіркелген келісім-шартының көшірмесін;

6) жеке, қосалқы шаруашылығы туралы осы тәртіппен белгіленген нысандағы қосымшаны тапсырады.

6. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға өтініш берушінің отбасындағы жұмыс істеушілердің еңбекақысы Қазақстан Республикасының әр жыл сайын бекітілетін "Республикалық бюджет туралы" Заңында белгіленген ең төменгі айлық мөлшерінен төмен болмауы тиіс. Егер жұмыс істеушілердің біреуінің өткен тоқсандағы еңбекақысының бір айы ең төменгі айлық мөлшерінен кем болмаса бір айға ғана, екі айы кем болмаса екі айға ғана тұрғын үй жәрдем ақысы тағайындалады.

7. Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының мүшелері және өз бетінше жұмыспен айналысушылардың табыстары өздерінің жазбаша мәлімдеуі бойынша алынады.

8. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау оны алуға өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанның соңына дейінгі мерзімге жүзеге асырылады. Өтініш берген ай есептеледі. Отбасы мүшелерінің жиынтық табысына өтініш беріліп отырған айдың алдындағы тоқсандағы тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмекті қоспағанда, ақшалай және заттай нысанда алынған табыстардың барлық түрі енгізіледі.

9. Отбасы құрамына тұрғын үй коммуналдық көмек есептеп тағайындаған кезде төменгі көрсетілген азаматтар есепке алынбайды.

1) Толық мемлекеттік қамсыздандырудағы балалар;

2) Интернат-үйлерде тұрақты тұратын қарттар мен мүгедектер;

3) Мерзімді әскери қызметтегі адамдар;

4) Бас бостандығынан айыру орындарындағы, мәжбүрлеп емдеудегі адамдар.

10. Аудандық ЕХЖҚ және ӘҚ басқармасы өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алғаннан кейін, оны аудандық тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау комиссиясына ұсынады. Комиссия он күн ішінде қарап, шешім қабылдайды. Тағайындаудан бас тартқан жағдайда оның себебін көрсетіп, өтініш иесіне жазбаша хабарлайды. Өтініш иесі қанағаттанбаған жағдайда жоғары органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

11. Өтініш беруші құжаттардағы көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының Заң актілеріне сәйкес жауап береді. Жалған құжаттардың негізінде төленіп кеткен сомалар өтініш берушіден өз еркімен, ал ол бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылады және ол содан кейінгі алты айға тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығынан айырылады.

12. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды бюджетте көзделген сома шегінде аудандық ЕХЖҚ және ӘҚ басқармасы жүзеге асырады және оның тағайындалуы мен төленуінің ұйымдастырылуының дұрыстығы үшін жауапты болады.

13. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі аудандық комиссия аудан Әкімінің өкімімен құрылады.

2. Тұрғын үй жәрдемақысының көлемі

14. Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары" туралы Заңының № 75 бабына сәйкес бір адамға берілетін пайдалы тұрғын алаң 15 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес пайдалы тұрғын алаңы есептелінеді.

15. Қысқы жылыту мезгілі жыл сайын аудандық Мәслихаттың шешімімен белгіленеді және осы уақыттарға тұрғын үйді жылыту шығындары есептелінеді.

16. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін коммуналдық қызмет көрсетудің төмендегі түрлері мен 1 айдағы тұтыну мөлшері (Жамбыл облыстық әділет басқармасына 2003 жылдың 22 ақпандағы 851 тіркеу нөмерімен тіркелген, Жамбыл облыстық Әкімінің 2002 жылдың 22 желтоқсандағы N 220 "Тамақ дайындауға және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін жылытуға табиғи газда тұтыну мөлшері туралы".)

1) табиғи газбен жылынатын тұрғын үйлерге:
1 шаршы метр тұрғын үй алаңын жылыту үшін газ мөлшері - нормативке сәйкес 7,88 метр куб;
1 адамға тамақ дайындау үшін табиғи газ мөлшері - 28 метр куб;
1 адамға жұмсалатын салқын судың мөлшері нормативке сәйкес - 2,4 метр куб;
1 адамға жұмсалатын электр қуатының мөлшері, нормативке сәйкес - 45 квт.сағ. болып белгіленсін.

2) көмірмен жылынатын тұрғын үйлерге:
1 шаршы метр тұрғын үй алаңын жылыту үшін көмір мөлшері 15,6 кг болып белгіленсін;
1 адамға тамақ дайындау үшін сұйытылған газ мөлшері - 8,2 кг;
1 адамға жұмсалатын салқын судың мөлшері нормативке сәйкес - 2,4 метр куб;
1 адамға жұмсалатын электр қуатының мөлшері, нормативке сәйкес - 45 квт.сағ. болып белгіленсін.

17. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін коммуналдық қызмет көрсетудің өтініш берілген айдың алдындағы тоқсанының тарифтері алынады. Егер ол айдың әр қайсысында әр түрлі болса, орташа тарифі алынады. Аудандық

ЕХЖҚ және ӘҚ басқармасына тиісті органдар бекіткен коммуналдық қызмет көрсету тарифтерін (көмірден басқасын) сол қызметті көрсететін аудандық мекемелер, кәсіпорындар ұсынады.

18. Тұрғын үйді жылыту үшін 1 кг көмірдің аудандағы қалыптасқан сату және сатып алудың орташа бағасы 2002-2003 жылдың қысқы мерзімде сатылған көмірдің бағаларына жүргізілген мониторинг негізінде 2,8 мың теңге болып белгіленсін.

19. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау барысында, әр от басының бірге тұрып жатқан мүшелері мен тұрғын үйінің нақты пайдалы алаңы бойынша жәрдемақы көлемі есептеледі. Тұрғын үйдің пайдалы алаңы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда 15 шаршы метрден көп болған жағдайда жәрдемақы сол тиісті пайдалы алаңға ғана (15 метр квадрат) есептеледі.

20. Ауданда табиғи газ болмаған жағдайда бұрынғы жылға есептелген тұрғын үй және коммуналдық жәрдемақыларды аудандық Мәслихаттың шешімімен норматив бойынша көмірге қайта есептеуге рұқсат етіледі.

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

ӘЖК - Әлеуметтік Жеке Код

ӘҚ - Әлеуметтік Қорғау

ЕХЖҚ - Еңбек және Халықты Жұмыспен Қамту